

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ-нің оқытушылары мен қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі**

**Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер.
2. Корпоративтік принциптер мен құндылықтар.
3. Педагогикалық ұжымының корпоративтік этикасы.
4. Кәсіби қауымдастығының ар-намыс кодексінің нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілігі.

**1. Жалпы ережелер.**

1.1. Осы кодекс «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративтік мәдениеті мен тәртібінің негізгі ережелерін анықтайды.

1.2. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ оқытушылары мен қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі колледжде моральдік психологиялық құруға бағытталған.

1.3. Осы кодекстің барлық нормаларын іске асырудың басты мақсаты «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ оқытушылары мен қызметкерлерінің Кәсіби қауымдастығының корпоративтік мәдениетін нығайту, беделін арттыру.

1.4. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ әр оқытушысы мен қызметкері осы кодекстің нормаларын сақтай отырып, колледждің имиджін және іскерлік репутациясын нығайтуға өз үлесін қосады.

**2. Корпоративтік принциптер мен құндылықтар**

2.1. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ қызметі келесі принциптерде негізделеді:

2.1.1. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ - оқу үдерісінде оқытудың сапалы білімдердің, мәдениеттің, ғылым мен инновациялардың жетекші орталығы, жаңа технологияларды қолданады.

2.1.2. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ, болашаққа ұмтылған колледж, колледждің білім беру концепциясын нәтижелііске асырады.

2.1.3. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ өзінің қызметкерлерін бағалайды және сыйлайды және жоғары этикалық стандартқа сәйкес әрекет етеді.

2.1.4. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ жемқорлық пен пара алудың кез келген құбылыстарына жол бермеу.

2.1.5. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ рухы - бірлікте. Оқытушылардың, қызметкерлер мен студенттердің креативтілігі, сопричастность пен серіктестігі - корпоративтік этиканың ажырамас бөліктері

## **2.2. Басты корпоративтік құндылықтар:**

- 2.2.1. Көрсетілетін білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігі
- 2.2.2. Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграция
- 2.2.3. Өзгерістер мен инновацияларға ашылу
- 2.2.4. Ғылыми зерттеулер мен жасауларға үнемі бағыттылық
- 2.2.5. Жоғары академиялық жауапкершілік
- 2.2.6. Шығармашылық өсім мен жетілуге ұмтылыс
- 2.2.7. Адамгершілік, патриотизм, азаматтылық
- 2.2.8. Қызметкер мен білім алушыны тұлғасына сыйластық көрсету, олардың құқығы мен мүдделерін қорғау
- 2.2.9. Колледжге деген адалдық және оның жоғары стандарттарына сәйкес болуға даярлық.

## **3. Колледж ұжымының корпоративті этикасы**

- 3.1. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ оқытушылары мен қызметкерлері міндетті:
  - 3.1.1. «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ оқытушылары мен қызметкерлерінің жоғары атағына лайық болып, өзінің қажырлы еңбегімен адалдық пен абыройлықпен колледж мәртебесін ұстану.
  - 3.1.2. Колледж миссиясын жүзеге асыру және кәсіби қызметте корпоративті миссиямен тең ұстау.
  - 3.1.3. Колледж алдына қойылған мақсаттары мен міндеттерін іске асыруына жауапкершілікті толық қабылдау, колледж қызметінің нәтижесіне быть причастным
  - 3.1.4. Өз қызметтік міндеттерін орындай отырып, жоғары мәдениетті, жауапкершілікті, академиялық адалдық пен шындықты таныту, өзара сыйластық принциптері мен әріптестер және студенттермен мейірімділік қатынасты басшылыққа алу.
  - 3.1.5. Отандық және шетелдік тәжірибелері мен ғылым жетістіктерін зерделеп, өз білім деңгейлерін үнемі арттыра отырып, кәсібилікке ұмтылу.
  - 3.1.6. Студенттер үшін өз колледжіне, дәстүрі мен тарихына құрметпен қарауды, еңбек тәртібінің үлгісі болып қызмет ету.
  - 3.1.7. Колледждің іскерлік ұстанымын қолдап отыру, колледждің мүддесіне қайшы іс-әрекеттерден аулақ болу.

### **3.2. Оқытушылар мен қызметкерлер:**

- 3.2.1. Әріптестер мен студенттердің намысын аяққа таптамау, менмендік пен менсінбеушілікті көрсетпеу
- 3.2.2. Студенттердің көзінше әріптестердің жеке өмірі мен кемшіліктері туралы талқыламау.
- 3.2.3. Колледжге мас күйінде келу және алкогольді ішімдіктерді колледжде ішуге болмайды.
- 3.2.4. Студенттерден сыйлықтар мен ақшалай сыйақы қабылдауға болмайды.
- 3.2.5. Дін идеяларын, сондай-ақ ұлтаралық бірлік пен конфессия аралық келісімге қарама қайшы пікірлер мен ұстанымдарды таратуға болмайды. Колледжде және басқа қоғамдық орындарда хиджаб, қысқа шалбар киюге, сақал жіберуге болмайды.
- 3.2.6. Жұмысқа кешігуге, сабақтарды қысқартуға немесе себепсіз босатуға болмайды.
- 3.2.7. Өз қызметтік міндеттерін орындауда дәрекілік көрсетуге болмайды.
- 3.2.8. Студенттерге қатысты өз лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдалануға, студенттерге және оларды бағалауда кемсетушілік көрсетуге болмайды.
- 3.2.9. Колледж әкімшілігінің шешімі туралы қате ақпарат таратуға болмайды.

### **3.3. Басшы мен қызметкер арасындағы қарым-қатынас:**

#### **3.3.1 Басшы міндетті:**

- өзінің кәсіби және жалпы адами қасиеттерімен қызметкерлерге үлгі болу;
- іскерлік қарым-қатынасының корпоративтік этикасының негізгі ережелерде өзінің жүріс-тұрысының нормалары мен принциптерді базалау;
- қызметкерлер тұлғасына сыйластық көрсету, олардың намысын аяққа таптамау;
- қызметкерлері алдында өз қатесін түсіну және оларды сөкпеу; - ұжымда мейірімділік және іскерлік жағдай жасау.

#### **3.3.2 Қызметкер міндетті:**

- еңбек тәртібіне бағыну;
- болмаған себебі туралы басшыға уақтылы ақпарат беру; - колледж басшысының түрін, аты-жөнін білу;
- кездескен жағдайда бірінші болып амандасу;
- үй-жайларға кіргенде бірінші болып амандасу.

#### **3.3.3 Әріптестермен қарым-қатынас:**

- бір-біріне сыйластықпен қарау;
- түсінбеушілік болған жағдайда міндетті түрде кешірім сұрау;
- басқа қызметкерлердің көзінше әріптестерді, басшыны сынамау; - өсектерді таратпау;
- басшыға, әріптестерге, қызметкерлерге және студенттерге Сіз деп сөйлеу;

- жұмыс уақытында тек қана қызметтік міндеттемелерді орындау; - ұстамды болу, дәрекілік көрсетпеу;
- әріптестерге көмек беру, білім мен тәжірибемен бөлісу.

### **3.3.4 Басты кәсіби міндеті ретінде жұмысқа деген қатынас, студенттерге үлгі болу:**

- ғылыми-педагогикалық біліктіліктің жоғары деңгейін үнемі қолдап, құзіретті болу;
- оқушылардың білім, білік пен дағдыларын шынайы бағалау; - колледждің ғылыми жетістіктерін көбейтуге өз күшін, білімі мен тәжірибесін аямау;
- плагиат қолданбау;
- жарияланбаған ақпараттың конфиденциалдығын сақтау.

### **3.3.5 Мәжіліс пен жиналыстарды өткізу:**

- жиналыстар мен мәжілістерге уақытында келу;
- күн тәрлібімен ертерек танысып, қажетті материалдарды өзімен бірге алу;
- жиналыс не мәжіліс алдында ұялы телефонды өшіру;
- отырыс болып жатқанда кіргенде және шыққанда айғайлап кешірім сұрамау;
- жеке мәселелерді шешу үшін жиналыс мінбесін қолданбау.

**4. Ар-намыс кодексінің нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік: 4.1** Ар-намыс кодексі барлық қызметкерлер мен оқытушылар үшін тең дәрежеде іс болып табылады.

4.2 Оқытушылар мен қызметкерлер корпоративтік мәдениеттің кодексінбілу міндетті және өз жүріс-тұрысына қатаң жауапкершілік алу.

4.3 Осы кодекстің ережелерін бұзу колледж оқытушысы мен қызметкердің мәртебесіне лайық емес ретінде қарастырылады.

4.4 Кодекс нормаларын бұзғаны үшін келесі шаралар қолданады: - көпшілік алдында кешірім сұрау ұсынысы;

- колледж этикасы бойынша Комиссиясымен тәртіпті талқылау; - тәртіптік жаза қолдану.

Педагогикалық кенесте қарастырылғын және бекітілген